



## **Банктік шот ашу үшін қажетті құжаттардың тізімі<sup>1</sup>,**

### **Құжаттар клиенттің толтыруы/ресімдеуі үшін банкте ұсынылады**

- Банктің ішкі талаптарына сәйкес рәсімделген ағымдағы шотты ашу туралы (ағымдағы шотты ашу кезінде) Қосылу шартына Қосылу туралы өтініш<sup>1</sup>;
- Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-ның КЖ/ТҚҚ бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыру бойынша Банктің ішкі құжатына сәйкес рәсімделген сауалнама;
- Клиенттің тиісті уәкілетті тұлғаларының жеке қатысуымен FATCA талаптарын сақтау шеңберінде заңды тұлғалардың клиенттеріне кешенді тексеру жүргізу бойынша Банктің ішкі құжатына сәйкес рәсімделген FATCA бойынша сауалнама;
- Банктегі дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжатына сәйкес рәсімделген Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ-да дербес деректерді, құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге және беруге келісім;
- Банктің ішкі талаптарына сәйкес рәсімделген, жинақ ақша шотын ашуға өтініш.
- Салымның ең жоғарғы сомасы Банктің меншікті капиталының мөлшерінің 10%-нан асатын жағдайларда, Банктің Директорлар кеңесінің жинақ ақша шотын ашу және салым сомасын қабылдау туралы шешімі<sup>2</sup>.

### **Клиент ұсынатын банктік шот ашу үшін қажетті құжаттар**

**1) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары және олардың филиалдары мен өкілдіктері, Қазақстан Республикасында қызметін филиалы, өкілдігі арқылы жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғалары үшін:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес рәсімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- қолтаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шоттағы ақшаға билік етуге) байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;
- қоғамдық немесе діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері үшін – қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттігін растайтын құжаттар;
- заңды тұлғалардың өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарының филиалдары мен өкілдіктері үшін – заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхатының көшірмесі;
- мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін – «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына сәйкес салықтардың және бюджетке төленетін

<sup>1</sup> Тек жинақ шоты ашылған жағдайда осы қосылу туралы өтініш талап етілмейді .

<sup>2</sup> Банктік салым шартын жасаған жағдайда .

төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның рұқсаты;

- инвестициялық шығындарды аудару үшін ағымдағы шотты ашқан кезде – ақшалай талапты басқа беруге қаржыландыру шарты, концессия шарты және (немесе) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарты.

## **2) жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен кәсіби медиаторлар үшін:**

- жеке басын куәландыратын құжат;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- жеке нотариустар үшін – нотариаттық қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензияның көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;
- адвокаттар үшін – адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензияның көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;
- жеке сот орындаушылары үшін – атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензияның көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;
- кәсіби медиаторлар үшін – медиаторлар бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі;
- инвестициялық шығындарды аудару үшін ағымдағы шотты ашқан кезде – ақшалай талапты басқа беруге қаржыландыру шарты, концессия шарты және (немесе) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарты.

## **3) Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғалары үшін:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- сауда тізілімінен үзіндінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе бейрезидент заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын, қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы бар және қажет болған жағдайда, заңдастырылған немесе апостильденген басқа да ұқсас сипаттағы құжат;
- қолтаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шоттағы ақшаға билік етуге) байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;
- инвестициялық шығындарды аудару үшін ағымдағы шотты ашқан кезде – ақшалай талапты басқа беруге қаржыландыру шарты, концессия шарты және (немесе) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарты.

## **4) шаруа (фермер) қожалықтары үшін:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- қолтаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шоттағы ақшаға билік етуге) байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

## **5) шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер үшін:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;

- шоттағы ақшаға билік етуге) байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі
- дипломатиялық және консулдық өкілдіктің тіркелуін растау туралы нотаның көшірмесі.

**б) нотариусқа депозит ашу үшін:**

- жеке басын куәландыратын құжат;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- нотариаттық қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензияның көшірмесі немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;
- нотариустың аумақтық нотариалдық палатаға мүшелігін растайтын тиісті нотариалдық округтің аумақтық нотариалдық палатасының анықтамасы.

**7) уақытша жинақ ақша шотын ашу үшін:**

- уақытша жинақ ақша шотын ашуға өтініш;
- уақытша жинақ ақша шотын ашуға және жабуға уәкілетті жеке тұлғаны тағайындау туралы құрылатын заңды тұлға құрылтайшыларының хаттамасының көшірмесі;
- уақытша жинақ ақша шотын ашуға және жабуға уәкілетті жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделген қолтаңба үлгілері бар құжат;
- қолтаңба үлгілері бар құжатқа сәйкес уақытша жинақ ақша шотын жүргізуге байланысты операцияларды жасау кезінде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

---

<sup>i</sup> Ашылатын шоттардың түрлеріне және клиенттің құқықтық субъектілігіне қарай, егер бұл кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы Заңда және Банктің ішкі құжаттарында көзделсе, оның ішінде клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, сондай-ақ Клиентті сәйкестендіруге, АҚШ-тың салық резиденттерін анықтауға бағытталған Клиентті кешенді тексеру және мониторинг жүргізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Банктің қосымша құжаттарды талап етуіне жол беріледі.